

1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Герман Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының неміс ұлты азаматтарын қолдау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 қазандағы N 1027 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған 1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Герман Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының неміс ұлты азаматтарын қолдау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын .

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Нұрлан Баймолдаұлы Онжановқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Герман Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының неміс ұлты азаматтарын қолдау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Герман Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының неміс ұлты азаматтарын қолдау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама

1996 жылғы 31 мамырда Алматыда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Герман Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының неміс ұлты азаматтарын қолдау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) ережелерін тиісті түсіндіру мен атқару мақсатында, бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Герман Федеративтік Республикасының Үкіметі төмендегілер туралы келісті:

1. Келісімнің 2-бабының (1) тармағындағы "соның ішінде жеке құқықтары" деген сөздер "атап айтқанда" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Келісімнің 2-бабы (1) тармағының 5-тармақшасындағы "және неміс тіліндегі білім саласында діни қызметті жүзеге асыру" деген сөздер "діни оқу орындарында және өзге де діни бірлестіктерде неміс тілінде діни білім беру қызметтерін жүзеге асыру" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 4-баптың (2) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес Қазақстаннан кететін не Қазақстанға тұрақты тұратын жеріне қайта оралатын Қазақстан Республикасының неміс ұлты азаматтарының барлық жеке заттары мен құжаттарын кедендік төлемдерді төлеуден босата отырып, әкетулерін/ әкелулерін қамтамасыз етеді, мүліктік құндылықтарының трансфертін реттейді, сондай-ақ қалдырылатын жылжымалы және жылжымайтын мүлігіне ешкімнің тиіспейтіндігіне кепілдік береді."

4. Келісімнің 5-бабының (1) тармағы 1) және 2) тармақшаларының арасында мынадай мазмұндағы тармақшамен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы аумағында оларға қатысты Қазақстан Республикасы Дәрілік заттарының мемлекеттік тізілімінде тіркеуде болуы талап етілетін дәрілік заттарды, медициналық техниканы және медициналық мақсаттағы бұйымдарды қоспағанда, ізгілік немесе өтеусіз көмек ретінде әкелінетін тауарларға қатысты тарифтік емес реттеу шараларын қолданбау".

5. Келісімнің 8-бабы мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"(3) осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде және қолдануда даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда Уағдаласушы Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жолымен шешетін болады".

"(4) Уағдаласушы Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді".

6. Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуіне қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Уағдаласушы Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

7. Осы Хаттама белгіленбеген мерзімге жасалады және Келісімнің қолданысы тоқтатылғанға дейін күшінде қалады.

2006 жылғы "___" _____ Берлин қаласында әрқайсысы қазақ, неміс және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының *Герман Федеративтік*
Үкіметі үшін *Республикасының Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК